

## Шынғыстай ауылындағы көшені қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 09 қыркүйектегі № 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 қазанды № 4171 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, 2015 жылғы 10 маусымдағы Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Катонқарағай ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Катонқарағай ауылдық округінің Шынғыстай ауылындағы Көктерек көшесі Дұзбаев Кабдрахман көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Катонқарағай ауылдық округі әкімінің орынбасары Р. Қ.Сейтқановқа жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Катонқарағай ауылдық округінің әкімі

А. Балтабаев